

Нұр-Мұбәрак Египет Ислам мәдениеті университетінің ізденушісі Нұрлан Анарбаевтың “6D021500-Исламтану” мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясына отандық ғылыми кеңесшісі, ҚР Жоғары мектеп ҒА-ның академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттар Дербісәлінің

## ПКІРІ

Кеңес Одағы тарап, еліміз тәуелсіздік алған соң Қазақстан ғалымдары да Орта Азиялық әріптестері секілді өз ата тарихын, әдебиеті мен мәдениеті, тілінің өткенін зерттеуді кемелдендіре түсуді қолға алды. Өйткені олар әлі де терең зерттелмей келеді деп ойлаймыз. Себебі халқымыз бен оның әдебиеті мен мәдениетінің тарихын сөз еткенде жалпы жұрт түгілі, кейбір ғалымдарымыз арасында да әлі күнге дейін “біз көшпелі едік”, “номад болғанбыз” дей беретіндер бар. Көшпелі едік дегенді өзге жұрттар түгі жоқ, мәдениеттен жүрдай деп түсінетініне мән бере бермейді.

1980-1990 жылдары “Қазақ даласының жұлдыздары” атты («Алматы», «Рауан» баспасы, 1995) зерттеуімде қазақ жерінің X-XVI ғ. ғұмыр кешкен әл-Фараби, Исфиджаби, Түркістани, Женди, Сығанақи, Кердери, Жалаири секілді т.б кеменгерлері туралы қалам тербедім. Мақсат – қазақ халқы түгелдей көшпелі, номад емес, онда қала мәдениеті де болғанын дәлелдеу, ортағасырлық ойшылдарымыз жайлы мағлұматтар аз да болса халқымызға жете берсе деген ниет-тін. Қазір жағдай басқаша. Егемен елміз.

“Мәдени мұра”, “Тарих толқынында” жобаларына сай әлемнің түпкір-түпкірінен тарихымызға қатысты түрлі жазба дүниелер жиналып, зерттеле бастады. Жас ғалымдарымыз да шет елдерге іссапарларға шығып, тиісті кітапханалар мен қолжазба қорларында жұмыс істеу мүмкіншілікке ие болып жүр. Сондықтан да Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университетінің түлегі Нұрлан Анарбаевқа бұрындары аз-кем сөз болған Әбу-л Қасым Имад ад-дин әл-Фараби//әл-Фаріаби (?-1210) атты парасат иесінің өмірі мен мұрасын зерттеу ұсынылды.

Әбу-л Қасымның басты еңбегі “Халисату-л хақаиқ” негізінен кәміл адам тәрбиесі, этика мен мораль секілді т.б өзекжарды мәселелерге арналған.

Диссертация “Әбу-л Қасым әл-Фараби”//“әл-Фаріабидің өмір жолы мен шығармашылығы”, “Халисату-л хақаиқтағы” ахлақ, этика, мораль және оның негізгі принциптері” атты екі үлкен бөлім және олар сабактасқан бірнеше тараулардан тұрады.

Алғашқы бөлімде автор ортағасырлық аталмыш ғалымның өсу, оқу, қалыптасу жолы, ол ғұмыр кешкен кездегі тарихи әлеуметтік ахуал шүқшия тыңғылышты зерделенген. Ғалым трактатының қолжазба нұсқаларына тарихи хронологиялық және герменевтикалық талдаумен қатар діни ұстанымына да тоқталған.

Нұрлан Анарбаев ғалым өмірбаянына қатысты түрлі деректердің тәптіштей келе ойшылдың Хорасандагы Фарйабта туылғандығын, дейтүрғанмен Бұхарада күн кешіп, шығармаларын да сонда жазғанына, түркі текті екеніне көніл аударады. Бұның ақиқаттығын соңғы кезде табылған жаңа жазба мәліметтерге сүйеніп мен де айтқанмын. Автор бұл ретте Сырдария бойындағы Faab тарихын да қарастырып, шаһардың этимологиясын анықтауға тырысқан.

Откен ғасырдың 60-70 жылдары атақты Әбу Насыр әл-Фарабидің (870-950) мұрасы зерттеле бастағанда бірқатар оқымыстылар Отырардың этимологиясын анықтауға тырысқан еді. Бірақ олар оны тап басып айта алмады.

Нұрлан Анарбаев Faab қасыры мол жер деп анықтама беріпті. Дұрысы да сол ғой деп ойлаймыз. Ол Әбу-л Қасым шығармашылығын зерттеуде ол ағылшын шығыстанушысы Ч.А. Стори (1888-1967), Египет әдебиеттанушысы Ахмед Шағаб және Бейрутте 2000 жарық көрген Әбу-л Қасым әл-Фарйабиге арналған араб ғалымы Мұхаммед Хайдар Рамадан Юсуфтың 2 томдығын тауып, оны да пайдаланған.

Сөйтіп ол әл-Фараби//әл-Фарйабидің өмірбаяны мен жазба мұрасын зерделеуге қажет әдебиеттердің мүмкіндігінше бәрін де қарап шықкан. Онымен де шектелмей тақырыбына қатысты Ташкент, Египет, Түркия кітапханаларындағы қолжазбаларды да елекten өткізген. Диссертацияда Әбу-л Қасым өмір сүрген кез, оның тұстастары мен Бұхара, Самарқан, Ферғана, Марғұландан ғұмыр кешкен ғалымдар да назарда болған. Тіпті қазақ тайпаларының біріне тікелей қатысы бар Абд ас-Саттар әл-Кердери (1203-1244) ұстазының да Әбу-л Қасым әл-Фарйаби болғандығы туралы деректері құптарлық. Осы ретте ол Орта Азиялық көптеген ғалымдарды атай отырып, олардың да қалдырыған мұраларын сөз еткен. Олардың бәрінің ханафи ғалымдары екендігін айтқан. Сөйтіп диссертант Әбу-л Қасымның өмір жолы мен шығармашылығын зерделеу үстінде, тарихи талай оқиғаларға тоқталған. Сондай-ақ сол тұстардағы мәдени және ғылыми жағдайлар да жас ғалым назарынан тыс қалмаған.

Осы тарауда диссертант әл-Фарйабиді зерттеуде оның шәкірттері мен бұрын-сонды сөз болмаған ұстаздары жайына да ой көзімен қараған. Ол “Әбу-л Қасым Самарқан сұлтандары және Бұхара садрларымен етене араласу арқылы, ғалымдар мен басшылар арасында беделді ғалым болған” деп орынды қорытынды жасаған.

Әбу-л Қасым қаламынан сегіз немесе тоғызға жуық еңбектер туған және олар күні бүгінге дейін қолжазба күйінше қалып келеді деген жас ғалым олардың негізгілерін зерттеп шықкан. Ең бастысы әрине “Халисату-л ҳақаиқ”. Автор Әбу-л Қасымның қайсы еңбегін сөз етсе де, оның дүниелерінің қай елдің қандай кітапханаларында, оның қайсы бөлімінде, тіпті қолжазбаның нөміріне дейін көрсетіп отырған және олардың қандай оқымыстылар еңбектерінде аталатынына дейін мән берген. Бұндай жайт

диссертацияның құндылығын арттыра түсетіні сөзсіз. Тіпті қолжазбалардың әрбір нұсқасына да мүмкіндігінше толық анықтама беруге тырысқаны сүйсінти.

“Халисату-л хақаик” елу тараудан тұрады. Диссиденттің соларды қазақ тіліне аудара отырып, талдаш шыққан. Ол “Халисату-л хақаиктың” жазылу себебі, түрлі елдерге тарап кетуі, тіпті оның сандаған нұсқаларының өзара айырмашылықтары, сондай-ақ трактат атауларының қайсысы дұрыс екеніне дейін зерсалған.

Диссиденттің әрбір тарауға жасаған қорытындылары да мәнді де маңызды шыққан. Ол Фарыйаб ұланының бірнеше сала бойынша жазған еңбектерін тізу барысында “Мақасиду-л аулия фи махасину-л анбия” атты еңбегінің нақты атауы “Қисасу-л анбия” дейді. Сонымен қатар әл-Фарийабидің “әл-Асилату-л ламия уа аджуибату-л жамия” атты туындысының бірнеше бөлігінің “Халисту-л хақаикпен” кірігіп кеткеніне назар аударған.

Ол “Халисату-л хақаиктың” түрлі елдерде сақталған 19 қөшірмесінің тоғызын мазмұндармен салыстырып шыққан. Сонымен қатар “Халисату-л хақаиктың” түрлі атауларын салыстыра келе, еңбектің нақты атауын және ондағы хадистер мен келтірілген тақырыптарға байланысты түрлі ұғымдарға герменевтикалық талдау жасау негізінде айырмашылықтарын тапқан.

Нұрлан Әбу-л Қасымның діни ұстанымына да тоқталған. Оны анықтау үшін әрине әл-Фарийаби қолжазбаларын мұқият оқу керек-ті. Ол солай еткен де. Бұл ретте оған “Нұр-Мұбарак” университетінде алған діни терең білімі, араб тілін жақсы білетіндігі, қолжазбалармен жұмыс істеу қабілеті және тақырыбын зерделеуге деген зор ынталықтарындағы моральдық парызын және оның модустары, нәпсі тәрбиесіндегі діни категориялардың мәні мен маңызы, “Халисату-л хақаиктағы” құндылықтар мен олардың кемел адам қалыптастырудың рөлі жіті сөз болған.

Диссиденттің “екінші бөлім” де күрделі дүние. Онда ол Фарийаб перзентінің “Халисату-л хақаиктағы” мораль мәселесі мен оның негізгі принциптерін зерттеген. Бөлімде шығармаға компаративистикалық (салыстырмалы) талдау, Әбу-л Қасым дүниетанымындағы моральдық парызын және оның модустары, нәпсі тәрбиесіндегі діни категориялардың мәні мен маңызы, “Халисату-л хақаиктағы” құндылықтар мен олардың кемел адам қалыптастырудың рөлі жіті сөз болған.

“Халисату-л хақаикта” мораль мәселесін қозғай отырып диссиденттің трактаттағы ахлақ ұғымына терең үнілген. Бұл ретте ол этиканың араб тіліндегі баламасы ахлаққа егжей-тегжейлі тоқталған. Оны сөз еткенде атақты ислам ғұламаларының еңбектеріне сүйенген. Бұл ретте ол “Халисату-л хақаикқа” қоса әл-Фарийабидің тағы бір шығармасы “Қисасу-л анбия” туралы да жазған. Осы еңбекті мұқият қараған. Бұл кез-келген зерттеушінің қолынан келе бермейтін іс.

Екінші бөлім мен оның түрлі тарауларында ахлақ (этика) ұғымы, ол туралы қандай хадистер бар, бұл ретте Әбу-л Қасымның “Халисату-л хақаиктан” қандай мысалдар келтіргені де ұмыт қалмаған. Ислам ахлағы

(этикасы) деген не, ол жайлы ислам ғалымдары не дейді, ахлақ саласында жазылған еңбектер және әл-Фарйабидің ахлакқа қатысты ойларын мұқият зерделеуді есте ұстаған. “Халисату-л хақаиқта” Әбу-л Қасым біраз беттерді ақыл мен ақылдылар ғана емес, білім мен хикметті сабактастыра қарастырған. Одан соң иман, сонан соң ықылас, мұмін, ислам, таухид тақырыптары рет-ретімен ғалым назарына іліге берген. Өйткені бұлардың бәрі де ахлақпен байланысты.

Әбу-л Қасым “Халисату-л хақаиқта” ахлақ құндылықтарын түсіндіруде оқиғалар мен қиссалардан мысал келтіріп отырады. Олардың Нұрлан Анарбаев қазақ тіліне жасаған аудармалары ұғынықты да түсінікті шыққан.

Бөлімдегі “Нәпсі тәрбиесіндегі діни категориялардың мәні мен маңызы”, “Халисату-л хақаиқтағы” этикалық құндылықтар және олардың кемел адам қалыптастырудығы рөлі тараушыларының да өзіндік айтар, берері бар.

Автор осындай құндылықтарды сөз еткенде, оларды қазақ халқының әдет-ғұрпы, салт-санасымен салыстырып отырады. Осы ретте оларды Жұсіп Баласағұни, Ахмет Йұгнеки, Үбірай Алтынсарин, Абайдың қара сөздеріндегі ойлары, хикметтері және Мұхтар Әуезов, Шәкәрім Құдайбердіұлының құнды пікірлерімен де сабактастыра кеткеніне риза болдық.

Нұрлан Анарбаевтың зерттеуі қазақ шығыстану ілімінің қоғамдық ғылымиңда бұрын-соңды көңіл бөлінбеген, қолға алынбаған, зерттелмеген тың дүние. Ол осысымен де құнды, осысымен де бағалы. Сол себепті де ғалымның диссертациясы ҚР Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің “ғылыми дәрежелер беру тәртібі туралы “Ережесінің” талаптарына сай және оның авторына 6D021500-Исламтану” мамандығы бойынша философия PhD ғылыми дәрежесін толық беруге болады деп есептейміз.

**ҚР Жоғары мектеп ФА-ның академигі,  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор**

**Әбсаттар Дербісәлі**

